

Сөзіммен халқым амал қылсын десең, амал қыл өз сөзіңмен әуел өзің!

Мәшһүр Жүсіп

Баянауыл аудандық қоғамдық-саяси газеті

Баянтау



Газет 1931 жылғы
4 қыркүйектен шыға
бастады

№44 (11509) 6 қараша, 2025 жыл

ТУРИЗМ


ОБЛЫС ӘКІМІ – БАЯНАУЫЛДА



Павлодар облысының әкімі Асайын Байханов жұмыс сапарымен Баянауылға келді. Іс-сапар барысында алдағы жылға туристік маусымға дайындығын және инфрақұрылымды жетілдіруге бағытталған маңызды жобалардың жүзеге асырылуымен танысты.

Аймақ басшысының алғашқы нысаны Жасыбай көлі болды. Келесі жылдың көктемінде бұл жерде ауқымды абаттандыру жұмыстары басталмақшы. 3,7 гектар аумақта санитарлық-гигиеналық тораптар, жуыну кабиналары, киім ауыстыратын бөлмелер, сауда павильондары, арқалы отырғыштар мен шатырлары бар демалыс аймақтары, балалар және спорт алаңдары орнатылады деп күтілуде. Бұл жұмыстар экологиялық туризм талаптарына сай заманауи әрі жайлы демалыс орнын қалыптастыруға бағытталған.

Іс-сапар барысында өңір басшысы Сабындыкөл көлінің жағажайы мен бақылау алаңында атқарылып жатқан жұмыстарды да көрді. Ағымдағы жылдың сәуірінде басталған жоба бүгінде аяқталуға жақын. Мұнда мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған пирстер, санитарлық нысандар, өткеншектер, ойын және



спорт алаңдары, сондай-ақ 80 көлікке арналған тұрақ орындары қарастырылған. Бақылау алаңы туристер үшін ерекше тартымды нысанға айналмақ. Ол Сабындыкөл мен айналадағы таулардың көрінісін тамашалауға мүмкіндік береді. Мұнда шағын сәулеттік нысандар орнатылып, жаяу жүргіншілер жолдары мен жарықтандыру жүйесі жасалған, фото-аймақтар орналастырылған.

Облыс әкімі Асайын Қуандықұлы туристік аймақтардағы қауіпсіздік мәселелеріне ерекше назар аударуды, сондай-ақ келушілердің жайлылығын арттыру бағытындағы қосымша шараларды қарастыруды тапсырды. Одан кейін Баянауыл ауылына кіреберіс жолда салынып


жатқан визит-орталыққа барды. Бұл ғимарат ауданның туристік инфрақұрылымының басты орталығына айналады. 740 шаршы метр аумақта бой көтеріп жатқан нысанның құрылысы жоспарға сай жүріп жатыр, желтоқсан айында толық аяқтау көзделуде.

– Мен визит-орталықтың ғимараты табиғи ландшафтпен үйлесімді болуын тапсырған едім. Қазір жобаның осы бағытта жүзеге асып жатқанын көріп отырмыз. Мұнда функционалдылық, заманауи дизайн және табиғатқа деген құрмет үйлесім тапқан, – деді облыс әкімі.

Визит-орталық көпфункционалды түрде жобаланған. Мұнда кітапхана аймағы, дәріс пен семинар өткізуге арналған зал, ана мен бала бөлмелері, кофехана, өлкетану мұражайы және демалыс орындары болады. Сондай-ақ орталық мүмкіндігі шектеулі азаматтарға толық бейімделген. Жаңа орталықтың тағы бір артықшылығы – оның цифрлық мазмұнында. Туристер үшін сенсорлы интерактивті тащпанель, мультимедиялық тақталар мен 3D-проекциялар орнатылады. Келушілер аймақтың табиғи ескерткіштерімен, киелі орындарымен және тарихи тұлғаларымен интерактивті түрде танысу мүмкіндігіне ие болады.

Аудан әкімі Ардақ Ксентаевтың айтуынша, туристік алаңдар мен визит-орталық құру идеясы облыс әкімі Асайын Байхановтың бастамасымен екі жыл бұрын көтерілген. Өңір басшысы жаңа нысандарды салу кезінде табиғи көріністі сақтау мен ландшафтты шамадан тыс өзгертпеу қажеттігін де атап өтті.

М.ҚАЙРАТ



Қазақстанда тұтынушылық және ипотекалық несиелердің пайыздық мөлшерлемелері қайта қаралады. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымованының айтуынша, жаңа әдістеме 2026 жылдың шілдесіне дейін әзірленіп, халық үшін несиелеу шарттарын жеңілдетуге бағытталады.

ТҰТЫНУШЫЛЫҚ НЕСИЕ ЖӘНЕ ИПОТЕКА БОЙЫНША МӨЛШЕРЛЕМЕ ӨЗГЕРЕТІН БОЛДЫ

Мәжіліс отырысында депутат Тілектес Адамбеков ел азаматтарын алаңдатқан сұрақты көтеріп, тұтынушылық және ипотекалық несиелердің қашан арзандайтынын сұрады. Мәдина Әбілқасымова бұл бағытта нақты жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтты. Оның сөзінше, соңғы екі жылда агенттік несиелік мөлшерлемелерді төмендету үшін заңнамалық және реттеуші өзгерістер енгізген.

«Өткен жылы қабылданған заңнан кейін біз тұтынушылық несиелердің мөлшерлемесін 56 пайыздан 46 пайызға, ипотекалық несиелерді 30 пайыздан 25 пайызға дейін төмендеттік. Ал кепілсіз несиелер бойынша мөлшерлеме 45 пайыз деңгейінде бекітілді», деді ол.

Әбілқасымованың айтуынша, 2025 жылы ипотекалық несиелердің пайыздық мөлшерлемесін 20 пайызға дейін түсіру мүмкін болған. Алайда Ұлттық банк базалық мөлшерлемені 18 пайызға дейін көтерген соң, кейбір банктер ипотекалық өнімдерді уақытша тоқтатуға мәжбүр болған.

Сондықтан ҚНРДА ипотекалық мөлшерлемелерді төмендету туралы норманы 2026 жылдың 1 шілдесіне дейін ұзартты. Осы уақытқа дейін агенттік Ұлттық банкпен бірлесіп жаңа есептеу әдістемесін әзірлейді. Жаңа жүйе базалық мөлшерлемені тікелей байланыстырылып, нарықтағы өзгерістерге икемді болмақ.

«Қазір тұтынушылық несиелердің орташа мөлшерлемесі 35-36 пайыз шамасында. Біз жаңа әдістеменің осы деңгейден аспайтынына сенеміз. Сонымен қатар, нарықтағы бәсеке күшейген сайын мөлшерлемелер одан әрі төмендеуі мүмкін», деді Мәдина Әбілқасымова.

Egemen.kz сайты

АКЦИЯ

«ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРІ» – ТҰРҒЫНДАРҒА ТЕГІН ЗАҢ КӨМЕГІ



Іс-шара барысында азаматтарға 51 дана ескертпе таратылып, жалпы алғанда консультанттарға құқықтық көмекке 35 азамат жүгінді.

Аудан прокуроры Бақытжан Бабаевтың баяндауынша, акция президент әкімшілігінің тапсырмасымен республикалық деңгейде бір мезгілде барлық өңірде өткізіліп жатыр. Оның негізгі мақсаты – халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру, азаматтардың проблемаларын жедел әрі сапалы шешуге бағытталған заңды көмек көрсету.

– Бұл шараның мәні – әрбір азаматтың құқықтық сауатын

көтеру және нақты сұрақтары бойынша білікті кеңес беру. Бүгінгі акцияға ауданның барлық мемлекеттік құқықтық органдары қатысып, азаматтарға заң тұрғысынан түсінікті және пайдалы ақпарат беруде, – деді аудан прокуроры.

Акцияға келген азаматтар негізінен, жұмысшылардың еңбек құқықтары, қызметкерлерге қатысты сұрақтар, алимент төлеу және алимент талаптары бойынша құқықтық кеңестер, тұтынушыларды қорғау және коммуналдық қызметтерге қатысты бойынша көмек сұрады

Алаяқтыққа қатысты

Өткен аптада С.Торайғыров атындағы аудандық мәдениет үйінде аудан прокуратурасының үйлестіруімен өткен «Халық заңгері» жалпы республикалық акциясы тұрғындарға кәсіби құқықтық көмек көрсетудің тиімді үлгісі ретінде ұйымдастырылды. Акцияға аудан бойынша 20 консультант қатысты, олардың 15-і мемлекеттік мекемелерден, 5-і – мемлекеттік емес ұйымдардан (нотариус, коммуналдық қызмет, банк қызметтері, кәсіпкерлікті қолдау ұйымдары). Сонымен қатар Баянауыл көпсалалы колледждің 4 студенті акцияға тартылып, ақпараттық қолдау көрсетті.

сұрақтар бүгінгі шарада көп түспегенімен, жауапты органдар азаматтарды интернет арқылы немесе телефон арқылы жасалатын алаяқтықтан сақ болуға шақырды. Бақытжан Бабаевтың түсіндіруінше, қазіргі уақытта алаяқтықтың жаңа жоғары технологиялық форматтары пайда болып, көбінесе азаматтардан сенімділік арқылы ақша алатын схемалар кең етек жайған. Сол себепті құқық қорғау органдары мен банктер азаматтарды жеке банктік деректерін, SMS-кодтарды, карточка нөмірлерін ешкімге бермеуге әрдайым ескертіп отырады.

Арнайы бөлімде дропперлер феномені жайлы да қарапайым тілде түсіндірме жүргізілді, «дроппер» — алаяқтық арқылы алынған

ақшаларды заңды түрде айналып өткізетін немесе алаяқтарға өз есепшотын беретін адамдар, кейде олар ішкі ұйымдастырушы емес, тек уақытша жалданған тұлға болуы мүмкін. Мұндай әрекеттер қылмыстық жауапкершілікті тудыруы мүмкін екені түсіндірілді.

Іс-шара барысында азаматтардың шағымдары толық тіркеліп, әрқайсысына заңдық түсіндіру жұмыстары жасалды. Қазіргі кезеңде нақты шешімдер әлі толық қабылданбаған – барлық мәселелер бойынша тиісті мемлекеттік органдардан толық жауап алынғаннан кейін ғана түпкілікті шешімдер ұсынылады.

Аудандық құқық қорғау органдары мен құқықтық қызмет ұсынушылар акцияның маңыздылығын атап

өтіп, тұрғындарды банк қызметкерлері немесе құқық қорғау органдары ешқашан телефон арқылы сізден SMS-код немесе құпия деректер сұрамайды, ешкімге өзіңіздің банк карталарыңыз бен онлайн-банкінг деректерін бермеңіз, күмән тудыратын жағдайларда жергілікті құқық қорғау органдарына немесе банкке тікелей хабарласыңыз.

Бұдан бөлек, акция аясында ақпараттық-білім беру жұмыстары жалғасатыны, әлі де көп түсіндіру жұмыстары жүргізілетіні айтылды – буклеттер тарату, қоғамдық орындарда кездесулер өткізу және мектептерде, колледждерде құқықтық сауаттылық сабақтарын ұйымдастыру жоспарланған.

М.ҚАЙРАТ

АУЫЛЫМЫЗДА СЕНБІЛІК ӨТТІ

Өткен сенбіде Сәтбаев ауылдық округінде республикалық «Таза Қазақстан» акциясы аясында ауқымды сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды. Сенбілік Сәтбаев және Мұса Шорман ауылдарында жүйелі түрде жүргізілді. Сенбілік жұмыстарының мақсаты – аулалардағы, ауыл сыртындағы тұрмыстық қалдықтарды жинақтау, шығару, тиісті орындарға жеткізу. Сенбілік барысында Сәтбаев ауылының сыртындағы қоқыс төгетін орын ретке келтірілді. Ауыл тұрғындарына өз аумақтарындағы қоқыс түрлерін жинақтау міндеттілігі туралы түсіндіру жұмыстары да жүргізілді. Мұса Шорман ауылының ауыл сырты тазаланып, бильбордтар қалыпқа келтірілді.



Осындай іс-шараларда белсенділік танытқан Сәтбаев ауылынан – Райымбек Салықов, Медет Ордашев, Нұрбол Жәпішев, Ахметолла Шығырбаев, Керей Жақанов және мәдениет үйінің ұжымы. Мұса Шорман ауылынан атсалысқандар – Бауыржан Ибадуллин, Мүлікбай Мұратов, Серікбай Әбішев, Ғазиз Ысқақов. Сондай-ақ, академик Қ.И.Сәтбаев атындағы мектептің шаруашылық бөлімінің басшысы Қалдан Дуашев бастаған ұжым мен Мұса Шорман ауылы мәдениет үйінің ұжымы өз үлестерін қосты. Ұйымдастырылған сенбілік жұмыстары ауыл тұрғындарының экологиялық «Таза Қазақстан» акциясының жүзеге асуына және елді мекеніміздің таза ауасы мен көркіне қосқан үлестері болып табылады. Осындай игі шаралар әрі қарай да жалғасын тауып, жеріміз таза, елімізде бірлік болсын деп тілейміз.

Нескен Мәлікқызы,
Сәтбаев ауылдық округінің тұрғыны



**Таза
Қазақстан**
Жалпыұлттық экологиялық акция

СМАРТФОННЫҢ ОҚУШЫ ПСИХИКАСЫНА ӘСЕРІ



Қазіргі таңда Қазақстанда әрбір үш баланың екеуі смартфонды күнделікті пайдаланады. Цифрлық технологиялар өмірді жеңілдеткенімен, балалардың психикалық дамуымен қатар денсаулығына кері әсерін тигізіп отырғаны байқалады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) дерегі бойынша, 5-17 жас аралығындағы балалардың 60%-ы күніне 3 сағаттан артық экран алдында отырады. Ұзақ уақыт смартфон пайдалану ұйқының бұзылуына, зейіннің төмендеуіне, агрессияның артуына, әлеуметтік оқшаулануға әкеп соқтырады екен. Осы орайды пайдаланып, Ш.Айманов атындағы жалпы орта білім беру мектеп-интернатының педагог-психологы мен мұғалімі, сонымен қатар оқушыларымен пікір алмастырған едік.



кіндік береді. WhatsApp арқылы сыныптастарыммен байланысып, тапсырмаларды бірге талқылаймыз. Дегенмен, смартфонды шектен тыс қолдануға болмайтынын білемін. Кейде артық уақыт алып, көзім ауырған кездер де болды. Сондықтан уақытты тиімді пайдалану – ең басты ереже, - дейді ол.

Диляра Маралбайдың:

– Смартфон арқылы мен ұстаздарым жіберген тапсырмаларды аламын, интернеттен қажетті мәліметтерді іздеймін. YouTube-тағы оқу видеолары қиын тақырыптарды тез түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар, қазақ, ағылшын тілдерін үйренуге арналған қосымшалар да орнаттым. Бірақ, кейде смартфон көп алаңдатады. Әлеуметтік желілер мен ойындар уақытымды ұрлап қояды. Осы үшін анам уақытты тиімді жоспарлауды үйретті. Қазір мен белгілі бір уақыт қана телефон қолданамын. Менің ойымша, смартфон – егер орнымен қолдансаң, сенің ең жақсы досыңа айналады. Ол арқылы білім алып, жаңа дүниелерді үйренуге болады. Ең бастысы – оны пайдалы іске жұмсау, - дейді ол.

Мамандар мен оқушы балалардың ортақ пікірі – смартфонды өмірдің ажырамас бөлігі ретінде мүлде шеттету дұрыс емес. Алайда, оны дұрыс бағытта қолдану – ата-ана мен мектептің бірлескен еңбегіне байланысты. Баланың тәуелділік экран уақыты 1-1,5 сағаттан аспауы тиіс. Қазіргі цифрлық дәуірде смартфонды баланың білімін арттыруға қолдануға болады. Тек ата-аналар мен мұғалімдер бақылауды күшейтіп, экран алдында өткізетін уақытты шектеуі қажет. Ең бастысы – ата-ананың үлгісі. Баланың мінез-құлқы мен әдеті көбінесе, үлкендердің іс-әрекетіне байланысты қалыптасады. Бүгінгі балалар – ертеңгі елдің болашағы. Сондықтан олардың денсаулығы мен психологиялық тұрақтылығы қоғам үшін аса маңызды. Баланы уақытты тиімді пайдалануға үйрету, шынайы қарым-қатынас пен кітап оқуға қызықтыру – цифрлық тәуелділіктің ең тиімді шешімі.

Гүлден ТАХАН

Ш.Айманов атындағы ЖОББМИ педагог-психологы Анар Жұматова бұл мәселеге алаңдаулы екенін жеткізді:

– Өкінішке орай, қазіргі уақытта балалардың смартфонға тесіле қарап отырған бейнесі, қарым-қатынасқа, тілдесуге бейімі жоқ балалар бейнесі үйреншікті құбылысқа айналғандай. Смартфонмен достығы өмірдегі достық қарым-қатынастан да маңызды. Смартфон балалардың психологиясына оң әсерімен қатар кері әсерін де тигізуде. Оның алдында ұзақ отыру көру аппаратының, табиғи даму процесінің бұзылуына және көру қабілетінің ерте нашарлауына әкеліп соғады. Баланың қиялы дамымайды, себебі, оған қосатын ештеңе жоқ. Дайын сурет бар, қиялға орын жоқ. Ал, қиял – ең жоғарғы психикалық функция. Бұл болашақта суретшілер санының, шығармашылық сала адамдарының азаюына әкелуі ықтимал. Балалардың күніне 5-8 сағат бойы гаджеттерге «жабысуы» әлеуметтік бейімсіздікке әкеледі. Бала құрдастарымен сөйлесудің, өз шекарасын қорғаудың, сендірудің, дәлелдеудің орнына өзінің электронды досымен уақыт өткізеді. Балада үстірт, калейдоскопиялық қабылдау, ойлау қалыптасады, шашыраңқы және мағынасыз ақпараттардан кейін балада зейіннің тұрақтауы өте қиын.

Ш.Айманов атындағы ЖОББМИ информатика пәнінің мұғалімі Гүлзия Бектұрғанова да оқушылардың сабаққа деген зейіні мен есте сақтау қабілетінің төмендегенін айтады:

– Қазіргі таңда смартфон әрбір оқушының өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Ақпарат алмасу, сабақ оқу, ойын ойнау, әлеуметтік желіде отыру сияқты түрлі мақсатта қолданылатын бұл құрылғының бала психологиясына әсері орасан. Оқушылар көп жағдайда виртуалды әлемге беріліп, шынайы өмірмен байланысты әлсіретеді. Бұл олардың психологиялық және эмоционалдық дамуына кері әсер етеді. Сабақта да әрбір сынып оқушыларына смартфонның қандай зиянды тұстары бар екендігі туралы айтып отырамыз. Менің осы тұста айтарым, смартфонды орынды және шектеулі пайдалану – баланың психологиялық саулығын сақтау үшін маңызды. Ата-ана мен мұғалімдердің бақылауы мен бағыттауы өте қажет. Смартфон – құрал ғана, оны қалай қолдану өзімізге байланысты.

Ал, оқушылардың пікірлері әртүрлі. Ш.Айманов атындағы ЖОББМИ 8 «А» сынып оқушылары пікір білдірді. Аружан Оспанның ойы:

– Қазір смартфонсыз өмірді елестету қиын. Таңертең оятар да, кешке сабақ оқуға көмектесетін құрал да – менің смартфоным. Смартфон маған көп жағдайда көмектеседі. Біріншіден, сабаққа дайындалу жеңіл. Google немесе YouTube арқылы керек мәліметті оңай тауып аламын. Екіншіден, сыныптастарыммен байланысып, үй тапсырмасын талқылаймыз. Кейде онлайн сабақтарға да осы смартфон арқылы қатысамын. Бірақ кейде артық пайдаланатынымды да білемін. Әлеуметтік желілер,

ойындар көп уақытты алады. Көзім де шаршайды. Сол себепті ата-анам мен мұғалімдерімнің кеңесіне құлақ асып, телефонды орнымен пайдалануға тырысамын, - дейді.

Аққу Жанатқызының пікірі:

– Бүгінгі таңда смартфон – әр оқушының серігіне айналған құрал. Ол тек байланыс құралы ғана емес, сонымен қатар білім алуға, шығармашылықпен айналысуға, жаңалық білуге мүмкіндік береді. Смартфон арқылы мен күн сайын электронды күнделікке кіріп, үй тапсырмаларын қараймын. Интернеттен қосымша мәліметтер тауып, презентация жасауға көмектесетін қосымшалар қолданамын. YouTube-тағы білім беретін арналар мен «BilimLand», «Qalan.kz» сияқты платформалар сабақ оқуды қызықты әрі жеңіл етеді. Бос уақытта сурет салып, бейне материал өңдеп, музыка тыңдаймын. Әлеуметтік желіде достарыммен сөйлесемін. Бірақ смартфонды шектен тыс қолдануға болмайтынын түсінемін. Себебі, тым көп қолдану көзге, денсаулыққа зиян әрі уақытымызды босқа алуы мүмкін.

8 «А» сынып оқушысы Ботажан Мұрат:

– Қазір біздің өмірімізде смартфон маңызды рөл атқарады. Ол тек хабарласып, суретке түсіру үшін ғана емес, білім алу мен шығармашылықты дамыту үшін де пайдалы құрал. Сабақтан кейін мен көбінесе смартфонды үй тапсырмасын орындау үшін қолданамын. Google арқылы ақпарат іздеймін, видеосабақтар қараймын. Кейбір есептерді түсіну қиын болса, арнайы қосымшалар көмектеседі. Сонымен қатар, мен смартфонды суретке түсіру, бейнежазба жасау, аудиокітап тыңдау үшін пайдаланамын. Бұл шығармашылықты дамытуға мүм-



ҒИБРАТТЫ ҰМЫР ИЕСІ

**Майдангер Қанаш
Жанғұлдинов
«Финляндияны жеңгені
үшін», «Жапонияны
жеңгені үшін», «Жуков»
медальдарының иегері.
«Бірінші дәрежелі Отан
соғысы» орденімен,
Ұлы Жеңістің 10, 50,
60, 65 жылдығына
орай мерекелік
медальдармен
марапатталды.**

Жанғұлдинов Қанаш Өскенбайұлы – кешегі кеңес заманында елдің ортасынан шығып, жастарды ұлы мұраттар жолындағы үлкен іске бастап, Баянаула елінің мәртебесін көтерген азаматтардың қатарынан ойып орын алған тұлға. Қарапайым шаруа отбасында тәлім-тәрбие алған Қанаш Өскенбайұлының өткен ғасырдағы балалық, жастық шағы аумалы-төкпелі ауыр заманмен тұспа-тұс келді. Қанаш Өскенбайұлы 1916 жылы Баянауланың Қызылтау өңірінде дүниеге келді. Отбасында 12 баланың ең көнжесі болған Қанаш 12-13 жасынан бастап ағаларымен бірге байлардың есігінде жалшылықта жүріп жылқы бақты. Аттың құлағында ойнап өскен жас жігіт Молотов ауылында ликбезде, яғни, сауатсыздықты жою мектебінде оқиды. 1934 жылы Кереку қаласындағы мал дәрігерлік техникумына оқуға түседі. Алайда ашаршылық кезінде «байтал түгілі бас қайғы» болып аштық шеңгелінен аман қалудың жолын ойлап қалада қара жұмыс істеп күнелткен. 1936 жылдары Қанаш Өскенбайұлы «бір мамандық алсам» деген ниетпен, Семей қаласындағы мұғалімдер даярлайтын техникумға оқуға түседі. Оқуы аяқталмай жатып Фин соғысы басталады. 1939 жылы Қанаш Жанғұлдинов әскер қатарына шақырылып, Фин соғысынан бір-ақ шығады. 1941 жылы басталған екінші дүниежүзілік соғыс жылдары Қанаш Өскенбайұлы Ресейдің Сызрян қаласындағы әскери қалашықта үш жыл бойы атқыштар батальонында бөлімше командирі болды. Қан майдан ортасында жүріп Қанаш Жанғұлдинов Қиыр Шығыста авиация батальонын басқарды. Кіші сержант шенін алған Қанаш Өскенбайұлы Жоғары бас қолбасшының бұйрығымен Жапонияның Манчжурия қаласына жіберіледі. Өмір мен өлімнің ортасында жүрген Қанаш Жанғұлдинов туған еліне сегіз жылдан соң бірақ оралады. Төрт ағасы қан майданда хабар-ошарсыз кетті. Ешқандай дерек болмады. Майдангер Қанаш Жанғұлдинов «Финляндияны жеңгені үшін», «Жапонияны жеңгені үшін», «Жуков» медальдарының иегері. «Бірінші дәрежелі Отан

соғысы» орденімен, Ұлы Жеңістің 10, 50, 60, 65 жылдығына орай мерекелік медальдармен марапатталды. Соғыстан кейінгі бейбіт өмірге белсене араласқан майдангер жігіт «Мұғалім болсам, шәкірт тәрбиелеп оларға білім берсем» деген арман жетегінде жүріп көптеген ауылдарда заман ағымына орай төрт кластық мектеп ашуға белсене кірісті. Мұғалім кадрлардың жетіспей жатқан қиын-қыстау күндері Қанаш Өскенбайұлы аудандық білім басқармасының басшыларымен келісе отырып ауданға қарасты Молотов, Сталин, Жамбыл, Октябрь, ТЭЦ, Бүркітті, Қаражар, Қызылтау тағы басқа колхоздарда бастауыш мектеп ашып, балаларды жас мөлшеріне қарамастан білім алуларына барынша күш салды. Осынау аталмыш мектептерді әр жылдары ашып, білім ошақтарын басқарған Қанаш Өскенбайұлы оқушыларға қажетті құрал-жабдықтарды облыс орталығынан ат-арбамен, жаяулап-жалпылап тасығанын да айта кеткен жөн. Ресми құжаттағы деректер бойынша білетініміз Қанаш Өскенбайұлының ағартушылық, ұстаздық еңбек жолы 1946 жылдан басталады.

Қанаш Өскенбайұлы өз еңбегіне ерекше ынталы, азаматтық белсенділігі жоғары, өзіне ылғи қосымша жұмыс тілеп алатын, адамдармен қарым-қатынаста қарапайым әрі халық арасында сый-құрметке бөленген мұғалім ретінде танылды. Жергілікті халық Қанаш Өскенбайұлын «Қанаш мұғалім» деп ерекше құрметтеді. Өкінішке қарай бүгінгі таңда Қанаш Өскенбайұлының көзін көрген, араласқан адамдардың басым бөлігі бақилық болды. Парасаты мол, жаны жарқын азаматтың елге жақсылығы өте көп болған. Ол жайында Қанаштың артында қалған ұрпақтары жыр етіп айтады. Елінің, туып-өскен жерінің алдында әкелерінің таза болмысын, ерен еңбегін паш етуді ұрпақтары да өздеріне парыз санайды. Осындайда Мағжан Жұмабаевтың: «Ердің бағасы елге еткен еңбегінің зор, яки кішілігінде емес, елім деп соққан жүрегінің таза болуында, тілегінің елмен ортақ болуында», деген парасатты сөзі жадымызға

оралады. Ол шынында да пендешілік әрекеттерден биік тұрған жүрегі таза, көңілі дархан ұлағатты ұстаз еді. Өзі мұғалім бола жүріп, қаншама жастарды бала оқыту ісіне тәрбиелеп баулыды.

– Соғыс және еңбек ардагері әкемізді есімізге алғанда оның ақылды бейнесі, байсалды мінезі, парасаттылығы, адалдығы көз алдыма келеді. Әкеміз «сабыр түбі – сары алтын» дегенді әуелден өзіне, әрбір ісіне арқау еткен адам еді. Ұрпағына айта жүрер үлгілі ісі мен ұлағатты сөздері біздің жадымызда. Анамыз Қазкен Түсіпқызы өмірге он бала әкелген алтын құрсақты ана. Үй шаруасымен айналыса жүріп отбасының алтын діңгегі бола білген асыл ана. Әкеміз өз заманында бүкіл Баян, Кереку өңіріне танымал ұстаз болған, жерінің шежіресі мен тарихын көзі тірісінде жырдай етіп айтып отырушы еді. Асқар тау әкеміздің қоғамға сіңірген еңбегі орасан зор. Әкеміздің алдын көрген шәкірттері еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етті. Өз күшімен ашқан білім ошақтарында жүздеген шәкірттер білім алып, ұясынан ұшты. Біз әрдайым әкемізді мақтан етеміз. Ата-анамыз жапырақтарын жайған бәйтерек іспетті, – дейді Бақыт Қанашқызы әкесі жайлы тебірене отырып.

Қанаш Өскенбайұлы 40 жылға таяу ғұмырын білім саласын дамытуға арнады. Зейнет демалысына шықса да әр ауылда өзі ашқан білім ошақтарының жағдайына алаңдап отырды. Зейнеткермін деп қол қусырып қарап отырмай Қанаш Өскенбайұлы Алексеевка кеңшарында (қазіргі Құндыкөл ауылы) астық тазалайтын қырман меңгерушісі болып еңбек етті. 60 жылдан астам уақыт КПСС мүшесі болған Қанаш Жанғұлдинов «Қайтсек ел боламыз, ұлттық құндылықтарымызды сақтап қаламыз, қайтсек жас ұрпақтың бойында ұлтжандылық қасиеттерді сіңіре аламыз деген көкейкесті мәселелерді басты мақсат еткен ұстаз болды. Қанаш Өскенбайұлы ұзақ жылдар бойы Құндыкөл ауылында ардагерлер кеңесінің төрағасы ретінде көптеген игілікті істердің жаршысы бола білді. Қанаш Жанғұлдиновтың мақтау марапаттары жетерлік. Ол ҚР Оқу-ағарту ісінің үздігі, «Еңбек ардагері» медальдарының иегері. КСРО-ның кезінде алған орден, медальдарын тізіп айтуды жөн көрмедік. 2012 жылы Қанаш Өскенбайұлы бақилыққа аттанды. Иә, Қанаш аға жайлы айтылатын ел аузындағы әңгімелер де, естеліктер де баршылық. Олар Қанаш Жанғұлдиновтың азаматтық, қайраткерлік тұлғасын ашуға жан-жақты ықпал етеді. Қанаш Жанғұлдинов қай жерде жүрсе де, өмірге тікелей араласа білген, қиындыққа қарсы күресе біліп, ел мүддесін түсінген, адамдарға, қоғамға қалтқысыз қызмет еткен қайраткер.

– Әкеміз 1961 жылдары Қаражар

бастауыш мектебін ашуға ұйытқы бола жүріп өзі осынау білім ошағының ыстық-суығына күйіп жүріп, жүздеген шәкірттерге білім нәрін беріп, ұясынан ұшырды. Әкеміздің жанқиярлық адал еңбегін бұл күндері көпшілік жастар біле бермейді. Біз де егде жасқа келген соң көзіміз тірісінде әкеміздің рухына тағзым етіп Қаражар мектебінде әкемізге арнап мемориалды ескерткіш тақта орнатылса екен деген өтінішімізді жергілікті халыққа, құзырлы орындарға жеткізіміз келеді. Тіпті осынау мектепке әкеміздің атын берсе де көптік етпес еді. Өйткені әкеміздің аудан бойынша ұлағатты ұстаз ретінде сіңірген еңбегі орасан зор. Әкеміз нағыз коммунист, елінің патриоты бола білген отаншыл азамат еді, – дейді Бақыт Қанашқызы.

Қанаш Өскенбайұлының ұстаздық жолын бүгінде артында қалған ұрпақтары жалғастыруда. Қожа Ахмет Яссауи атындағы «Құрметті ұстаз» атағының иегері, қызы Салтанат Қанашқызы ұзақ жылдар бойы ұстаздық еңбек етуде. Сембай Қанашұлы спорт саласында қызмет етеді. Бокстан спорт шебері, мектепте ұстаздық қызмет атқаруда. Зәуреш Қанашқызы Екібастұз қаласындағы өнер мектебінде қызмет етсе, Жанаргүл Қанашқызы балабақшада әдіскер-тәрбиеші. Тұңғыш немересі Мөлдір Темешқызы Успен ауданындағы Константиновка орта мектебінің директоры. Одан кейінгі немересі Гүлзат аудан орталығында Зейтін Ақышев атындағы мектепте мұғалім. Немерелері Санжар мен Аружан Павлодар қаласындағы университеттің студенттері. Тағы бір немересі Дария Астана қаласында ұстаздық етеді. Шөбересі Динара дзюдодан спорт шебері. Қазақстанның екі дүркін олимпиада жүлдегері. Дзюдодан аға жаттықтырушы болып жастарды спортқа баулып жүр. Айта берсек, Қанаш Өскенбайұлының артында қалған ұрпақтары ата аманатына адалдық танытып абыройлы биіктерден көрінуде.

Қанаш Өскенбайұлы социалистік қоғамда өмір сүре отырып, бар қайрат-жігерін сол дәуірдің құбылыстарына қарай жұмсады. Оның ұстаздық ұйымдастырушылық қарым-қабілеті де білім саласында атқарған толымды істерімен дараланады. Біздің заманның қайраткерлерін тануда, бұл – басты өлшем. Қанаш Жанғұлдиновтің өткен өмірі мен төккен тері, еткен еңбегі тегін кетпегенін, қоғамдық құбылыс өзгергенімен туған халқының жадында сақталып, оның есімін құрметпен аталып отырса нұр үстіне нұр болар еді. Қанаш Жанғұлдинов – шын мәніндегі халықтың адамы бола білген тау тұлға.

**Бағзад Нұртайқызы,
жергілікті тілші**

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚ

Өз жұмысына адал жан

Еңбегімен ел құрметіне бөленіп, адалдығымен ерекшеленген жандардың өмір жолы – кейінгі ұрпақ үшін үлгі-өнеге. Олар үн-түнсіз жүріп-ақ өз жұмысын тиянақты атқарып, өз ісіне деген жауапкершілік сезімін терең түсінеді.

Жұмысшы әйелдер – бұл қоғамның маңызды бөлігі, олар әртүрлі салада қажырлы еңбек етіп, отбасын қамтамасыз етуге және қоғамды дамытуға азды-көпті үлесін қосады. Әсіресе, ауылдық жерде еңбек ететін әйелдер көптеген қиындықтарды жеңіп, өздеріне жүктелген жұмыстарын абыроймен атқарады.

Солардың бірі Мәшһүр Жүсіп ауылдық әкімшілігінің тазалықшысы – Бақыт Қайратқызы Сағынтаева. Жұмат Шанин атындағы ауылда туып, орта мектепті туған ауылында тәмамдады. Мәшһүр Жүсіп ауылының келіні. Әкімшілікте еден жуушы болып еңбек еткеніне 20 жылдай уақыт болды. Адал еңбек, ұқыптылық, жауапкершілік – Бақыттың басты ұстанымы. Ашық-жарқын мінезімен адамның жүрегін жаулап алатын Бақыт Қайратқызы әкімшіліктің ішкі-сыртқы тазалығына ерекше мән беріп, өз жұмысына деген адалдығын танытып келеді. Осындай еңбекқорлығы үшін ұжым арасында сый-құрметке ие. Бақыт Сағынтаевамен бірге әкімшілікте еңбек ететін Серік Мұхтарұлы, Қуаныш Мұхамеджанұлы, Бекболат Баязитов, Қанағат Махамбетов сияқты жұмысшылар өз істеріне мығым еңбек адамдары.

Адал еңбектің 4 пайдасы бар екен. Біріншіден, Алланың ризалығына бөлейді, адал жолмен табыс табу рақат өмірге бастайды. Екіншіден, берекелі болады, адал еңбекпен келген табысқа Алла береке береді. Үшіншіден қоғамға пайда әкеледі,

адал кәсіп қоғамның дамуына, әділдіктің орнауына ықпал етеді. Төртіншіден, жан тыныштығын сыйлайды, адамның жүрегі тыныш, ары таза болады. Сондықтан Исламда еңбекқорлыққа, әділдікке және шынайылыққа ерекше мән береді. Адал жолмен еңбек ету – әр адамның міндеті екендігі ежелден белгілі. Бақыт Сағынтаева шын мәнінде елеусіз кәсібімен елеулі жан. Ол адал еңбегімен өзіне тән тура жолмен жүріп екі баласын тәрбиелеп оқытты. Жұбайы өмірден ерте озды. Бақыт балаларына әкесінің жоқтығын білдірмей тәлімді тәрбие берді. Ұлы ветеринария саласында еңбек етеді. Ауылда мал дәрігері.

– Қарап отырсақ қазіргі таңда жастардың кейбірі қара жұмыстан қашқақтайды. Еден жуу, мал бағу, көше сыпыру – олар үшін қиын жұмыс іспетті. Жұмыс іздеп қала жаққа барғанда да көше сыпыру, базарда арба тасу сияқты кәсіпке бой алдырады. Әлеуметтік желілер арқылы табыс тауып жүрген жандардың өмір салты жастарды бірден баурап, «еңбек ету», «қара жұмыс», «маңдай тер» деген ұғымдар жастар санасынан тыс қалып бара жатқаны шындық. Өз басым еден жуудан ерекше ләззат аламын. Мекеменің іші тап-таза болып тұрса көңілім өсіп, өзімді ерекше сезінетінім бар, – дейді Бақыт Қайратқызы.

Иә, Бақыт Сағынтаеваны ауыл тұрғындары еден жуушы ретінде ғана емес, тағам дайындаудың да шебері ретінде біледі. Ауыл-аймақта өткізілетін мерекелік іс-шараларға дайындық кезінде жас келіншектер Бақыттың шаңырағына жиналып бауырсақ пісіреді, ет асады. Аспаздық өнері бар Бақыт Қайратқызы ас мәзірін дайындауда жастарға ақыл-кеңесін айтып, өз тәжірибесімен бөлісіп отырады. Өйткені тағам дайындауға да бап керек. Баппен дайындалған тағам денсаулық



кепілі.

Таяуда Мәшһүр Жүсіп ауылының әкімі Сәбит Кенжалин Бақыт Қайратқызын 60 жасқа толған туған күнімен құттықтап, Алғыс хат пен бағалы сыйлық тарту етті. Асқаралы 60 жасты бағындырған Бақыт Сағынтаева өзін ерекше құрметтеген ауыл әкіміне ризашылығын білдірді.

«Еңбек – өмір қуаты» демеші, елеусіз жұмысымен ел-жұртына сыйлы ана Бақыт Сағынтаеваның өмір жолы – адамға қызмет етудің, тұрақтылықтың, қарапайым еңбек адамының шынайы құрметке лайық белгісі.

Бағзат Нұртайқызы,
жергілікті тілші,
Мәшһүр Жүсіп ауылы

ҚАРАТОМАР АУЫЛЫНДА

ӘЖЕЛЕРДІҢ ЕРТЕГІСІН ТЫҢДАДЫҚ...

«Әр ауылға бір жоба» бағыты аясында Қаратомар ауылдық мәдениет үйінде аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен «Әжемнің ертегісі» атты аудандық байқау өтті. Байқаудың басты мақсаты – ұлттық салт-дәстүр мен халық ауыз әдебиетін дәріптеу, жас ұрпақты ата-баба мұрасымен таныстырып, әжелердің өнегелі тәрбиесін насихаттау болды.



Іс-шараға ауданға қарасты ауылдық округтерден әжелер мен немерелер қатысып, көрермен қауымға халық ертегілерін сахналап ұсынды. Әжелердің әсерлі өңгімелеуі мен немерелердің көрініс қоюдағы өнері көрермендерге ерекше әсер қалдырды.

Байқауға «Мәдениет саласының үздігі» Баян Башарова, «Баянсұлу» үлгілі би ұжымының жетекшісі Көкенай Айтмаханова, мәдениет саласының қызметкері Анаргүл Нұрланова қазылық етті. Қазылар алқасы қатысушылардың сахналық мәдениетін, көркем сөз оқу шеберлігін және ұлттық киім үлгілерін бағалай отырып, ең үздіктерді анықтады.

Нәтижесінде бас жүлдені Салтанат Шегетаева мен немересі Айзере Амантай (Ақсаң ауылы) жеңіп алды. I орын – Гүлмира Кәрібаева мен немересі Ұлжан Бағдатқа (Жалғызқайың ауылы), II орын – Сара Үсеинова мен немересі Көзайым

Жандосқа (Қаратомар ауылы) берілді. III орынға екі жеңімпаз лайық деп танылды. Олар: Алмагүл Қожабергеннова мен немересі Раяна Сейілхан (Торайғыр ауылы), Бүлісхан Бораншы мен немересі Нұрасыл Бұлғынбай (Үшкұлын ауылы). Сонымен қатар, Гүлмира Сабданбекова мен немересі Ернияз Саябек (Лекер қажы ауылы) «Көрермен көзайымы» номинациясына ие болды. Гүлжанат Ахметова мен немересі Ибраһим Серік (Майкөбе ауылы) «Әнші әже мен сүйкімді немере» номинациясымен марапатталды. Ал, Ләзиз Адамбекова мен немересі Раяна Зияншаға (Жаңатілек ауылы) белсенді қатысқаны үшін Алғыс хат табысталды. Айта кетсек, Қаратомар ауылынан қатысқан Сара Үсеинова мен немересі Көзайым Жандосқа Жайма мектебі мен «Мөлдір» шағын

орталығының атынан арнайы сыйлықтар табысталды. Бұл ауылдастардың өнерлі отбасыларға деген құрметі мен қолдауының көрінісі болды. Байқау соңында барлық қатысушыларға аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің атынан Алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды. Ұйымдастырушылар «Әр ауылға бір жоба» бағыты аясында осындай рухани және тәрбиелік мәні зор іс-шаралардың алдағы уақытта да жалғасын табатынын атап өтті.

«Әжемнің ертегісі» байқауы – әжелер мен немерелердің өнері мен ынтымағын, ұлттық тәрбиенің тамырын және ұрпақ сабақтастығын айшықтаған тағылымы мол мәдени шара болды.

Гүлжан Дәулет,
Қаратомар ауылдық мәдениет үйінің мәдени ұйымдастырушысы



ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕЛ МАҚТАНЫШЫ, ҰРПАҚ ПАРЫЗЫ

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні қарсаңында Шәкен Айманов атындағы жалпы орта білім беру мектеп-интернатында республикалық бірыңғай «Жас ұлан» және «Жас қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымдары қатарына қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиын өтті. Шараның басты мақсаты – жас ұрпақты елін, жерін сүйе, Отанға адал қызмет етуге баулу, патриоттық рухты арттыру, жас буынның бойында отансүйгіштік сезімді қалыптастыру.

Салтанатты жиынға мектеп басшысы, ұстаздар мен ата-аналар қатысып, оқушыларға ізгі тілектерін білдірді. Іс-шара барысында 100 оқушы республикалық бірыңғай «Жас ұлан» және «Жас қыран»

ұйымдарының мүшелігіне қабылданды. «Жас қыран» ұйымының антын айту мәртебесі 2 «а» сынып оқушысы Нұрасыл Серікке және 2 «ә» сынып оқушысы Әдия Серікжанқызына берілді. Ал, «Жас ұлан» ұйымының антын 5-сынып оқушылары Мейірбек Абзалов пен Толқинай Қамар орындады. Іс-шара соңында республикалық «Жас ұлан» ұйымының әнұраны шырқалып, жас ұландар ел игілігі жолында адал қызмет етуге ант берді.

Тәуелсіз еліміздің болашағы – білімді де рухы биік жастар. «Жас ұлан» мен «Жас қыран» ұйымына қабылданған жас буын ел дамуына өз үлесін қосып, Отанымыздың абыройын асқақтата беретініне сенім мол.

А.Шақырман,
Ш.Айманов атындағы
мектеп-интернатының мұғалімі

КҮЗГІ ЭКОАКЦИЯ – ТИІМДІ ДЕМАЛЫС ПЕН ТАБИҒАТҚА ҚАМҚОРЛЫҚ

Күзгі демалыс күндері Шәкен Айманов атындағы мектеп-интернатында оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және табиғатқа жанауырлық сезімін арттыру мақсатында «Күзгі экоакция» өтті. Бұл шараны мектеп парламенті мен жас мамандар бірлесе ұйымдастырды. Акция барысында мектептің белсенді оқушылары мен ұстаздары бірігіп, мектеп аумағын тазалау жұмыстарын жүргізді. Мектеп парламенті мүшелерінің айтуынша, мұндай экологиялық іс-шаралар балалардың бойында табиғатты аялау мәдениетін қалыптастыруға, еңбекқорлық пен ұжымшылдық қасиеттерін дамытуға үлкен әсер етеді.

— Бүгінгі акция — табиғатқа қамқор болудың қарапайым, бірақ маңызды үлгісі. Оқушылар тек аумақты тазалап қана қоймай, қоршаған ортаға



жауапкершілікпен қарауды үйренеді. Бұл — олардың бойында экологиялық сананы қалыптастырудың тиімді жолы, - дейді ұйымдастырушылар.

Акцияға қатысқан оқушылар да өз әсерлерімен бөлісіп, табиғатты таза ұстау әр азаматтың борышы екенін атап өтті. Көпшілігі мұндай шаралар жиі өткізіліп тұрса - дейді. Мектеп басшылығы экологиялық бағыттағы іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын табатынын, әр маусым сайын экологиялық тазалық акцияларын дәстүрлі

түрде өткізу жоспарланып отырғанын айтты. Табиғатты қорғау — ұлт болашағына жасалған қамқорлық. Осындай шаралар арқылы жас ұрпақ туған жердің табиғи байлығын бағалай білуді, қоршаған ортаға мейіріммен қарауды үйренеді. Күзгі экоакция — балалар үшін тек еңбек күні емес, сонымен қатар бірлік пен табиғатқа деген сүйіспеншілікті нығайтқан жарқын демалыс күні болды.

А.Шақырман,
мұғалім

ЖАС БОКСШЫЛАРЫМЫЗ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЙЫСТАН ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ

2025 жылдың 31 қазан – 2 қараша күндері аралығында Грецияның Афина қаласында жасөспірімдер арасында бокстан халықаралық жарыс өтті. Бұл байрақты бәсекеде әлемнің түкпір-түкпірінен келген жас таланттар өз шеберліктерін көрсетіп, жеңіс тұғырынан көріну үшін бар күштерін салды. Осы халықаралық додада ел намысын қорғаған Мұса Шорман ауылының тумалары, академик Қаныш Сәтбаев атындағы мектептің оқушылары, бір әулеттің балалары – Әбілмансұр, Санжар және Нұралы Мараттар зор табыстарға қол жеткізді.



4 сынып оқушысы Нұралы Марат өз салмақ дәрежесінде қарсыластарына дес бермей, I орынды иеленіп, чемпион атанды. 9 сынып оқушысы Санжар Марат да жоғары деңгейде өнер көрсетіп, III орын тұғырынан көрінді. Ал, Әбілмансұр Марат халықаралық деңгейде мықты қарсыластармен шығып, ел намысын абыроймен қорғады. Бұл жетістік — жас спортшылардың табанды еңбегі, бапкері, бокс үйірмесінің жаттықтырушысы Нұрбол Сатыбайдың жүйелі дайындығы мен ата-ананың қолдауының және ауыл мектебіндегі спортқа деген зор ықыластың жемісі.

Қазақта «Еңбек өткен ер болар, ерінбеген жер болар» деген дана сөз бар. Баянауылдың киелі топырағынан түлеп ұшқан бұл жас қырандар — ұлт рухын асқақтатып, ел намысын әлем аренасында қорғауға бет алған болашақ чемпиондар. Қаныш Сәтбаевтай ұлы тұлғаның кіндік қаны тамған қасиетті өңірден шыққан осындай өрендердің жеңісі — тек бір әулеттің емес, бүкіл Баянауыл жұртының, Павлодар облысының және қазақ елінің мақтанышы!

Жас спортшыларымызды, олардың ата-анасы Елубаев Ерболат Маратұлы, анасы Сағиева Индира Ерланқызын және бапкерін шын жүректен құттықтаймыз. Алдағы уақытта да табандылық танытып, биік белестерді бағындырып, «Жеңіс — ердің еңбегінен, елдің сенімінен туады» деген ұранды іспен дәлелдей беругеріне тілектеспіз.

Гүлсім Ахаева,
академик Қаныш Сәтбаев мектебінің мұғалімі



ЕСКЕ АЛУ

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Майкаинзолото» АҚ (БСН 980340002574, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Майқайың кенті, А. Әбдіқалықов көшесі, 13Д құрылыс, info@maikainzoloto.kz, телефон: 8 (71840) 2-15-68) «Майқайың «В» кен орнында алтын құрамды кендерді өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына арналған ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Нысанның орналасқан жері: Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Майқайың кенті (тау-кен бөлінісінің бұрыштық нүктелерінің географиялық координаттары: т.1 51°27'55.3" с.е., 75°49'12.0" в.б.; т.2 51°27'42.1" с.е., 75°49'26.8" в.б.; т.3 51°27'18.8" с.е., 75°49'24.2" в.б.; т.4 51°27'20.4" с.е., 75°48'47.5" в.б.; т.5 51°27'28.8" с.е., 75°48'33.9" в.б.; т.6 51°27'46.2" с.е., 75°48'54.3" в.б.).

Нысанның әсер ету аумағының географиялық координаттары: Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Майқайың кенті (географиялық координаттары 51°27'50.5" с.е., 75°49'10.7" ш.б.).

Тыңдау 2025 жылғы 17 желтоқсан күні сағат 15.00-де Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Майқайың кенті, Астана көшесі, 31 («Кенші» МСО ғимараты) мекенжайында өтеді, сондай-ақ Zoom конференциясы арқылы (Конференция идентификаторы: 874 5893 8971, Рұқсат ету коды: 890216; онлайн-қосылуға сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/87458938971?pwd=wW8TRx9cDPIJtkFrzChgPPyFQltOye.1>).

Қоғамдық тыңдауларды өткізу мерзімі қатарынан бес жұмыс күнінен аспайды. Жоба бойынша құжаттама құрастырушылардың ревизиттері және байланыс деректері: «Эверест-Премимум» ЖШС (БСН 160640026521), Астана қ., Б. Момышұлы д., 15а ү., 16 оф.. Жоба бойынша қосымша ақпарат алуға болатын электрондық поштаның мекенжайы және телефон нөмірі: Everest.premium@mail.ru; 87057091543.

Жобалық құжаттама пакетімен ақпараттық жүйеде танысуға болады (<https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/PublicHearingIndex>), сондай-ақ «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ ЖАО сайтында (<https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/press/article>).

Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық нысанда қабылданып электрондық пошта мекенжайы және жергілікті атқарушы органның пошта мекенжайы: baltabaeva.dpr@pavlodar.gov.kz; Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы, 5Б, тел: 8 (7182) 32-16-81.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

АО «Майкаинзолото» (БИН 980340002574, Павлодарская область, Баянаульский район, п. Майкаин, ул. А.Абдыкалыкова, строение 13Д, эл.адрес: info@maikainzoloto.kz, телефон: 8 (71840) 2-15-68) уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту отчета о возможных воздействиях к плану горных работ по добыче золотосодержащих руд на месторождении Майкаин «В».

Адрес расположения объекта: Павлодарская область, Баянаульский район, п. Майкаин (географические координаты угловых точек горного отвода: т.1 51°27'55.3" с.ш., 75°49'12.0" в.д.; т.2 51°27'42.1" с.ш., 75°49'26.8" в.д.; т.3 51°27'18.8" с.ш., 75°49'24.2" в.д.; т.4 51°27'20.4" с.ш., 75°48'47.5" в.д.; т.5 51°27'28.8" с.ш., 75°48'33.9" в.д.; т.6 51°27'46.2" с.ш., 75°48'54.3" в.д.).

Географические координаты территории воздействия: Павлодарская область, Баянаульский район, п. Майкаин (51°27'50.5" с.ш., 75°49'10.7" в.д.).

Слушания состоятся 17 декабря 2025 года, в 15.00 ч., по адресу: Павлодарская область, Баянаульский район, п. Майкаин, ул. Астана, 31 (Здание КДЦ «Кенші»), а также посредством Zoom конференции (Идентификатор 874 5893 8971. Пароль для подключения: 890216; ссылка на онлайн-подключение: <https://us06web.zoom.us/j/87458938971?pwd=wW8TRx9cDPIJtkFrzChgPPyFQltOye.1>).

Срок проведения открытого собрания продлевается до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний. Реквизиты и контактные данные разработчиков документации: ТОО «Эверест-Премимум» (БИН 160640026521), г. Астана, пр. Б. Момышұлы 15а, 16 офис. Адрес электронной почты и номер телефона, по которым можно получить дополнительную информацию о проектах: Everest.premium@mail.ru; 87057091543.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться в Информационной системе (<https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/PublicHearingIndex>), а также на сайте МИО ГУ "Управление недропользования, окружающей среды и водных ресурсов Павлодарской области" (<https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/press/article>).

Адрес электронной почты и почтовый адрес местного исполнительного органа, где принимаются замечания и предложения в письменной или электронной форме: baltabaeva.dpr@pavlodar.gov.kz; Павлодарская область, г.Павлодар, площадь Победы, 5Б, тел: 8 (7182) 32-16-81.

АЗАМАТ ЕДІ ЕҢСЕЛІ...

Айтсаң бітпейтұғың, есіңе алсаң қайтып келмейтұғың қайғылы жағдай. Тағдырдың ісіне не шара? Кеше ғана ортамызда жасындай жар-қырап жүрген жолдасымыз, досымыз, кластасымыз, жас күнімізден тай-құлындай тебісіп, балалық, жастық шағымызды бірге өткізген досымыздан ойда жоқта айрылып қаламыз деген ой үш ұйықтасақ түсімізге кірмеп еді. **Қияшев Қайыркелді (Қайыржан) Қаниятұлының** фәни жалғаннан бақилық болуы біз үшін орны толмас ауыр қаза болды. Ама! не, өмірдің заңы солай, көнбеске шара жоқ. Міне, зымырап 40 күн де өте шықты. Сынаптай сырғып, жылжып жатқан уақыт, шіркін...

Біз ортамызда Қайыржан деп атайтынбыз. Жастайынан әкесінен ерте айырылса да, өмірдің ауыртпалығын қайыспай көтеріп, анасына, қарындастарына көмектесіп, ағасы екеуі еңбекке ерте араласты. Сегізжылдық мектепті Теңдік ауылында (қазіргі Мұса Шорман) аяқтаған соң, Павлодар қаласындағы кәсіптік-техникалық училищеде оқып, құрылысшы мамандығын алып шықты. Отан алдындағы борышын екі жыл абыроймен өтеп келген соң, туған ауылына оралып, еңбекке араласты. Біраз жылдар кеңшарда құрылыс саласында еңбек еткен соң, ауылдағы сегізжылдық мектепке ұстаз болып орналасып, еңбекке баулу пәнінен жас ұрпақ тәрбиелеуге өзіндік үлесін қосты. Қазіргі уақытта алдынан өткен шәкірттері өмірден өз орындарын тауып, әр салада қызмет атқаруда. Әрдайым ыстық ықыласпен еске алады. Ұстаздық ете жүріп ауылымызға ұстаз болып келген жас маман, өмірлік жары Бибігүл екеуі отау тікті. Екеуі отбасында өмірінің соңына дейін тату-тәтті ғұмыр кешті. Өмірге Динара, Данияр, Наурыз атты балалары келді. Біраз жылдар ауылда қызмет істеген соң, өмірдің ағымымен Екібастұз қаласына қоныс аударды. Осы қалада өмірінің соңына дейін алғашында құрылыс саласында, кейіннен теміржол саласында абыроймен қызмет істеді. Жолдастары



арасында беделді, сыйлы болды. Мінезі турашыл, өз ойын іркілмей айтып салатын, қандай қиындықтар болса да жолын тауып шешіп жіберетін, сегіз қырлы, бір сырлы тапқыр азамат еді. Қазіргі таңда досымыздың орны ойсырап тұр. Өмірдің заңына қарсы тұра алмайсың. Қолдан керелі құран бағыштап, еске алу ғана. Ұрпақтары өмірден өз орнын тауып, әр салада қызмет етуде, немерелері өсіп жатыр. Алайда, бір өкініштісі көп жылғы еңбегінің жемісін көре алмай, зейнеткерлікке шығуға бір-екі ай қалғанда өмірден өтіп кетуі... Осындай өкініштерден тұратын өмір ғой... Артында қалған анасына, туған-туыстарына, жан жары Бибігүлге, балаларына, немерелеріне ұзақ ғұмыр тілейміз. Сынаққа болаттай берік болып, басқа түскен ауыртпалықты сабырмен көтерулеріне тілекшіміз. Досымыздың жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын. Рухы пейіште шалқып, Алланың нұры жаусын! Жарқын бейнең жүрегімізде мәңгі сақталады жан досым!

Марқұм

Қайыркелді Қаниятұлының рухына бағышталатын 40 күндік асы 8 қараша күні сағат 12:00-де Екібастұз қаласындағы «МерАман» мейрамханасында беріледі.

Еске алушы:

бір топ кластастарының атынан досы – Нұржан Құдайбергенұлы



«Баянтау» газетінің редакциясы ЖШС

Директор:

Айдана Тұрғынбайқызы
АЙТУФАНОВА
8-702-179-10-87

Редакция автордың көзқарасы үшін жауап бермейді. Хаттар, қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарға тегіс жауап беруді және түгел жариялауды міндетіне алмайды. «Баянтауда» жарық көрген материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Нөмірді әзірлеу барысында интернет ресурстарынан фотосуреттер пайдаланылады. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2006 жылы 18 мамырда тіркеліп, №7250-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына 1 рет, бейсенбі күні шығады.
Таралымы: 1600 дана
Көлемі: 2 б.т.

Газет «Баянтау» газетінің редакциясында теріліп, беттеліп, «Баспа үйі» ЖШС баспаханасында басылады.

Баспа мекен-жайы: Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй.

Газеттің сапасы мен уақытында шығуына баспахана жауап береді.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Баянауыл ауылы, Сәтбаев көшесі, 49-үй,
Жұмыс тел: 9-28-37
Эл. пошта: redakciyabayantau@mail.ru
Instagram: @bayantau_gazeta
Facebook: Баянтау газеті

ДІН

ИМАМНЫҢ ЕРСІ
ҚЫЛЫҒЫ

*Мешіт көзге көркем, өзі биік,
Тұрады жұмасына жұрт жиылып.
Ғибраттанып борышымды өтейін деп*

Мен бардым шаттықпенен көңілім сүйіп... – деп кезінде күрескер ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров жырға қосқандай, бүгінгі таңда мешіт үйі көпшіліктің жиі баратын орны. Қазіргі таңда қалалық жерлерде де, ауылдық жерлерде де мешіттерде жылдың төрт мезгілінде жаназа, еске алу, дұға астары толастамай өтіп жатуы қалыпты жағдайға айналды.

Ислам дінін діңгегім деп білетін мұсылман жамағат Алла үйінде қуанысып көріседі. Осыдан үш-төрт ай уақыт бұрын жүрегінде иманы бар жұмыр басты пенденің басы сәждеге тиіп, көкірегіне иман ұялайтын Екібастұз қаласындағы орталық мешітте жақын туысымыздың жылдық еске алу дұға асына қатыстық. Жиналған жамағаттың қарасы да едәуір болды. Сағат 12-ден кете үстінде ақ шапаны, басында ақ сәлдесі бар жігіт есіктен кіріп төргі орынға озды. Көзім имамның аяғына түсіп кетті. Ешкімде шаруасы жоқтай сылбыр аяңдаған имамның аяғына кигені қара түсті резеңке тәпішке. (Орысша шлепка дейміз). Ішімнен «Ойпырай, мына жігіт аяғына дені дұрыс аяқ киім кимегені ерсі көрінеді екен» деп ойладым да қойдым. Үстел басында жайғасқан соң имам өзінің мақамымен құран сүрелерін оқыды. Одан соң алдымызға ас келді. Шай ішілгеннен кейі екінші молда (Ақсудан келіпті) ерекше леппен құран оқи бастады. Тым-тырыс тыныштықты қасымда отырған әйелдердің бір-бірін түртіп сөйлеген пыш-пыштары бұзды. Ақырын ғана жан-жағыма қарап едім, қасымдағылар төрде отырған имамды ишаратпен көрсетіп жатыр. Не боп қалды деп арт жағыма бұрылып қарап едім, имам басын тұқыртып алып қолындағы ұялы телефонын шұқылап, өзімен өзі еуре болып отыр. Қасындағы молланың құранын елемегендей телефонға жабысып алған имам өзінің әбес қылығына көпшіліктің назары ауғанын мүлде елемей қынжыларлық жайт. Бір жағынан ойладым, мешітте дұға ас беру рәсімдері жиі болғандықтан имамдар да шаршап кететін шығар деп... Кім білсін? Әдетте құран оқылар алдында ұялы телефонды сөндіруді талап етіп жататын да осы имамдар өздері емес пе?

Тағы бір айта көтер жайт, біздің бала кезімізде ата-әжелеріміз «намазым бұзылады» деп аяқтарына мәсі, оның сыртынан галош киіп жүретін. Қазіргі таңда екінің бірі намазға жығылады, бірақ аяқтары ашық-шашық жүреді. Әрине, дәрет алып, жуынып тазаланатын шығар. Бірақ қалай болса солай жүрулері де түсініксіз жайт. Бізде тәрбиелік ождан, әдептілік ождан деген ұғымды көпшілік қауым білулері тиіс. Иман дегеніміз – тазалық. Тазалық болғанда тек тән тазалығы емес, көңіл тазалығы, ар тазалығы, ой, жан тазалығы. Жалпы имамдардың жүріс-тұрысынан бастап сөйлеген әрбір сөзі көпшіліктің назарында болатыны шындық. Мәдениетті киініп, әрбір сөйлеген сөзі мірдің оғындай болып, көпшілік жиналған орындарда асыл дінімізді уағыздау – әр имамның басты міндеті. Дастархан басында келелі әңгіме айтып, жұртшылықты серпілтетін руханият ордасының басты тұлғасы – имам.

Мешіттегі имамның аяғына киген аяқ киімі мен телефон ұстап отырған ерсі қылығы көпке дейін ойымнан кетпеді. Ойланып, толғана келе осынау көріністі көпшіліктің талқысына салып, қалың оқырман қауымның ой-пікірлерін білгім келді. Мешіттегі имамның қылығы дұрыс па? Сіздер не айтасыздар?

Бағзад Нұртайқызы,
жергілікті тілші

СПОРТ



Түркістан қаласында даңқты балуан, күш атасы Қажымұқан Мұңайтпасұлының жұлдесіне арналған ересектер арасындағы Қазақ күресінен Әлем кубогы өтті. Байрақты бәсекеде 13 елден келген жүзге жуық балуан боз кілемде бақ сынасты. Осы дүбірлі додада Баянауыл ауданының намысын Майқайың кентінің тумасы Мұхтар Дәлелханұлы қорғап, тамаша өнер көрсетіп, жұлделі екінші орынға ие болды.

МҰХТАР –
ӘЛЕМ КУБОГЫНЫҢ КҮМІС
ЖҮЛДЕГЕРІ

Баянауыл ауданының әкімі Ардақ Ксентаев спортшыны жеңісімен құттықтап, бұл жетістіктің аудан абыройын асқақтатқанын атап өтті.

– Баянауылдың даңқы асқақтай түсті. Жерлесіміздің бұл жетістігі – Баянауыл ауданының мақтанышы, жастар үшін үлгі. Алдағы уақытта да спорттағы биік белестерді бағындыра беруіне тілектестік білдіреміз. Жерлесімізді мақтан тұтамыз, – деді аудан басшысы.

Өз кезегінде Мұхтар Дәлелханұлы да жарыс туралы әсерімен бөлісті:

– Әлем кубогына қатысу – үлкен жауапкершілік. Бұл додаға кез келген

спортшы қатыса алмайды, оған тек ел чемпионатында үздік орын алған чемпиондар ғана іріктеледі. Мен ел чемпионатында бірінші орын алып, осы жарысқа жолдама алдым. Түркістан төрінде күміс жұлдеге ие болу – мен үшін үлкен мәртебе. Жарыс жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Дайындық кезеңінде Алматыда екі апта бойы оқу-жаттығу жиынында болдым. Жалпы, қазақ күресімен тоғыз жасымнан бастап айналысып келемін, – дейді спортшы.

М.ҚАЙРАТ

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Нотариус нотариального округа Павлодарской области Оразбаев А.Ж., лицензия № 24020441 от 06.06.2024 года, сообщает об открытии наследства, оставшегося после смерти **АМИРОВ НУРЛАН АМАНГЕЛЬДИНОВИЧ**, умершего 20.10.2025 года. Тел.нотариуса: 87713132882

«Баянтауға» жазылууды ұмытпаңыз!

Қадірлі оқырман, «Баянтау» газеті ғасырға жуық уақыт бойы баянауылдықтармен бірге жасап келеді. Егер туған өлкеңіздің газеті сізбен бірге, Баянауламен бірге болсын десеңіз, қолдау көрсетіңіз! Сіздің қолдауыңыз – газетке жазылу.

Газетіміздің 2026 жылға жазылу бағасында да, жазылу жүйесінде де еш өзгеріс жоқ. Яғни, өткен жылдағыдай 1 жылдық жазылу құны: жеке тұлғалар үшін – **3500 теңге**, заңды тұлғалар үшін – **7500 теңге**.

Газетке **8-702-179-10-87** нөміріндегі «Каспи» және «Халық банкі» арқылы басылымның ақысын төлеп, қосымшасына мекен-жайын жазып, WhatsApp нөмірін қалдырса болды. Жазылушыға мамандар WhatsApp желісі арқылы газетке жазылғанын растайтын түбіртек жолдайды.

Қорыта айтқанда, жазылу басталды, аудан айнасына алғашқы болып жазылуды ұмытпайық! Рухани азық үлкенімізге де, кішімізге де керекті есімізде болсын!

Құрметпен, «Баянтау» редакциясы

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

**ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАР ҮШІН -
3500 ТЕҢГЕ**

**ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАР ҮШІН -
7500 ТЕҢГЕ**

Баянауыл ауылы,
Сәтбаев көшесі, 49-үй,
Тел: 8-702-179-10-87

